

## АЛМАТЫ ҚАЛАЛЫҚ МЕДИАЦИЯСЫ

2019 жылдың 29 сәуірі мен 1 мамыры аралығында Сәулет факультетінде Ұлыбритания Ноттингем университетінің сәулетші және профессор ассистенті Майкл Оадестің, сәулетші Тимоти Оуэннің қатысуымен «Алматы қалалық медиациясы» атты халықаралық воркшоп өтті.

Оқытушылар мен еріктілер-студенттердің қатысуының арқасында біздің қатысушыларымыздың шығармашылық жұмысына ыңғайлы алаң дайындалды.

Воркшопқа қатысушылар - СФ және колледждің 3, 4 курс студенттері - ҚазБСҚА кампусының аумағын ландшафттық ұйымдастыру жобасын жасады.



Студенттер қалаулары бойынша 5 тақырыптық топтарға бөлінді: кейбірі ҚазБСҚА аумағындағы жекеленген аймақтардың фотофиксациясын жасады; басқалары –кампус аудан – қала жүйесінде қалай «болады» Урбан контекстті зерттеді; картограф Нолли қоғамдық нысандардың орналасуын қарастырды; Сайт моделинг командасы кампустың макетін жасады; Survey тобы осы жердің жақсы және жаман жақтарын анықтау үшін академияның айналасындағы аудан тұрғындарынан, студенттер мен оқытушылардан натуралды және электронды сауалнама жүргізді.



Әрбір күннің соңында барлық команда мүшелерінен идея мен ойлары туралы презентация өткізілді, соның арқасында студенттер ұсыныстар мен ескертпелер алды. Үшкүндік көп еңбекті талап ететін жұмыстың нәтижесінде әртүрлі және қызықты эскизді жобалардың 4 тұсаукесері болды.

**СФ оқытушысы Сулайманова Ш.А.**